

БІЛІМДІ МЫҢДЫ ЖЫҒАР...

Жаңтар ел азаматы ретінде заман талабына сай көштеген қалмай, соңғы жаңалықтарға көз жүгіртіп, назардан тыс қалдырмауы тиісті. Рухани жаңғырудың тұжырымдамалық бағдары қарапайым азамат түсінетін, баршага ортақ, бай әрі ықшам тілмен жеткізілген.

Оның басты мақсаты – Ұлт жоспарын орындау аясында әлемнің ең озық зо елінің қатарына кіру болып табылады. Рухани жаңғыру бағдарламасының білім саласына қатысты тұсы – келешек үрпақты кемел білімге сүсіндататын үлкен мүмкіндік. «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген қазақ мақалының мән-маңызы ешқашан да өз мағынасын жоғалтқан емес. Керісінше, уақыт өтіп, заман өзгерген саяын халық нақылының құндылығы артып келе жатыр. Өйткені алдағы дәүір нағыз білімдердің дәүірі болмак.

Біз бұғын жүрісі жылдам дәүірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, женіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдарғана табысқа жетеді. Осының түсінгендіктен, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санағына қосылып отырмыз. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім тेң түсінуі керек. Жаңтарымыз басымдық беретін межелдердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді». Иә, үрейлі көрінуі мүмкін, бірақ алдағы санаулы жылдар ішінде бұғынғы қолданыстағы кәсіп түрлерінің тен жартысы қажетсіз болып қалары анық. Бұл мындаған адамға табыс көзінен айрылу қаупін тудырады. Мұндай қатер келешегін күні бұрын болжай білген мемлекеттер үшін ғана қауіпсіз. Жеткен жетістігіне қанағаттанбай, тың бағыт, жаңа бағдар таба білген елдер ғана осы сындарлы кезеңнен сүрінбей өтеді.

Бұғынғы таңдағы Қазақстан жайында жаңтардың рухани азаматтық сезімің қалыптастырудың, адамгершілікке негізделген үлтаралық береке, бірлікті, ынтымақтастықты, бейбітшілікті нығайтудың маңызы зор. Осыған байланысты оқу-тәрбие үрдісінде студенттерді отансуýгіштікке, ерлікке, ададлыққа, елін, жерін қорғауға, шынышылдыққа тәрбиелу керек.

Тәрбиенің жалпы негізі рухани-азаматтық құндылықтары болуы керек. Рухани-азаматтық құндылықтар үлкен мен кішінің арасындағы шынайы қарым-қатынас кезінде жас үрпақтың бойына даритыны белгілі. Сондықтан оқытушының басты мақсаты – өзіндік рухани-азаматтық құнды-

лықтарын жаңтардың бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әр студентті жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту. Университеттегі, сабактан тыс үақыттағы біздің ісімізді жалғастыратын жеке тұлға болып таылатын студенттерді рухани-адамгершілікке, азаматтық жүйеге тоғыстыру. Мектеп және жоғары оқу орын қабырғасында жаңсы тәрбиеленген, саналы білім алған шәкірт өмірде өз орнын табады. Ол үшін ең әуелі үрпағымызды бала кезінен-ақ ұлттық тәлім-тәрбиеге, рухани адамгершілік әдетке, азаматтық мәдениетке баулу керек. Сол кезде жас үрпақ елі үшін қызмет ететін, имандылық қасиеттерді жаңсы билетін азамат болып өседі. Баланы жаңсы адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген.

Қорытындылай айтқанда жоғарғы оқу орнының ұстазы жаңтардың білімге деген құштарлығын арттырып, оны әрі қарай шындарап, бұғынғы заман талабына сай етіп, жеке тұлға қалыптастырудың аянбай еңбек ету қажет. Ұстаз жұмыс жасап жүрген білім ошағының беделін арттыру мақсатында қолынан келгенше жасампаз болуы керек. Ұстаз деген жан-жақты болуы шарт. Алдағы мақсат – жас үрпақ тәрбиесінде көп тілділікке бағыт бұру. Мағжан Жұмабаев атамыз өзінің ұлағатты бір сезінде былай деген: «Баланы тәрбиешінің өзіндей қылышы шығармай, келешек заманына лайықтап дайындау керек». Иә, Мағжан атамыз айтқан даналық ой бұғынғы күнгі білімді үрпаққа қаратылып айтылғаны көрініп түр. Өйткені, елдің ертеңгі тірегі – жаңтар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы үрпақты тәрбиелеу.

Үрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің қоғам алдындағы борышымыз деп білеміз.

**К.ХАЛМЫРЗАЕВА,
Э.ХАЛМЫРЗАЕВ,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ АГА ОҚЫТУШЫЛАРЫ**